



**Қаратөбе аудандық білім беру бөлімі  
Қаратөбе балалар шығармашылығы үйі  
МКҚК-ның 2021 жылға арналған  
жұмыс жоспары**





## Мазмұны

- I. Қаратөбе балалар шығармашылығы үйінің 2020 жылғы атқарылған жұмыстарына талдау.....
- II. Қаратөбе балалар шығармашылығы үйінің шығармашылық тақырыбы, мақсаттары және бағыттары.....
- III. Педагогикалық кеңес отырыстары.....
- IV. Директор жанындағы кеңес отырыстары.....
- V. Әдістемелік кеңес отырыстары.....
- VI. Әдістемелік-ұйымдастырушылық қызмет.....
- VII. Теориялық, практикалық семинар-кеңестер .....
- VIII. Аудан және облыстық байқаулар.....
- IX. Гуманитарлық, көркемдік-эстетикалық және техникалық бағыт бойынша өткізілетін іс-шаралар.....
- X. Жас мамандармен жұмыс .....
- XI. Ата-аналармен жұмыс .....
- XII. Ақпараттық, танымдық және әдістемелік басылым «Қаратөбе ұстазы» газеті редакциясының жұмыс жоспары.....
- XIII. Оқу-тәрбие жұмысына басшылық және бақылау.....
- XIV. Озық педагогтердің тәжірибесін жинақтап, тарату.....
- XV. Ұйымдастыру жұмыстары.....
- XVI. Қаратөбе балалар шығармашылығы үйінің жұмыс тәртібінің циклограммасы.....

**I Қаратөбе балалар шығармашылығы үйінің  
2020 жылғы атқарылған жұмыстарына талдау  
(SWOT әдісі бойынша)**

<p>Қаратөбе балалар шығармашылық үйі мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын Облыс әкімдігінің 2001 жылғы 20 қыркүйек айында №40 жарғысын негізге ала отырып құрылды. Содан бері осы күнге дейін өз қызметін жалғастырып келеді.</p> <p>Шығармашылық үйі қазіргі қоғам жағдайында жеке тұлғаны дамытуда баланың өмірлік ұстанымының белсенділігін арттыру; балалардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру; оқу-тәрбие жұмысында баланың өз қызығушылығы мен қабілетіне байланысты ғылыми-техникалық, әлеуметтік-мәдени, ақпараттық-танымдық дамуын жетілдіру, шығармашылық деңгейінің өсуіне қолдау көрсету; аудан көлемінде дарынды балалармен кешенді жұмыс жүргізу мақсатында өз жұмысын жүргізуде. Сондай-ақ, қосымша білім беру қызметінің тұтас жүйесін құру; өскелең ұрпақтың қызығушылығы мен мүмкіндігін дамытуға бағытталған авторлық бағдарламалар әзірлеу және оны қолданысқа еңгізу; алға қойған мақсаттар мен жаңаша ойларды іске асыру және орындау мақсатында педагогтың шығармашылығына жағдай жасау; туған жердің тарихи, мәдени мұраларын қорғап, насихаттап, зерттеп-зерделеу мақсатында үйірмелер ашу; жасөспірімдердің техникалық шеберлік білігі мен дағдысын қалыптастыратын техникалық үйірмелерді дамыту міндеттерін жүзеге асырады.</p> <p>Қаратөбе балалар шығармашылығы үйінде 2020-2021 оқу жылында 31 педагог жұмыс жасайды. Олардың 21 - жоғары білімді, 4 – жоғары кәсіби, 6 - арнаулы орта. 1 - педагог I санатты, 2 - педагог II санатты.</p> <p>Оқу жылында 46 үйірме, 29 қосымша білім беру педагогі (олардың 19 - жоғары білімді, 4 – жоғары кәсіби, 6 - арнаулы орта. 2 педагог II санатты), 690 оқушы бар.</p> <p>Қосымша білім беру ұйымы педагогтерін дамыту және шығармашылық, жаңашыл бастамаларды ынталандыру, педагогтердің тәжірибесінде қазіргі заманғы технологияларды пайдалануына қолдау көрсетіп, олардың кәсіптік жағынан өсуіне жағдай жасау, жаңаша оқу іс-әрекетіне көшуге ұмтылу, мұғалім мен оқушының екі жақты белсенділігіне көшу, оқушылардың тшығармашылығын шыңдауда жауапкершілігін арттыруда. Әдістемелік жұмыстың бір</p>	<p align="center"><b>Кемшіліктер</b></p> <p>*Материалдық техникалық базаның аздығы</p> <p>*Қашықтан оқыту барысында интернет желісінің жылдамдығының төмендігі</p> <p>* Педагогтар арасында тәжірибе алмасу жұмыстарының аздығы;</p> <p>*Педагогтердің біліктілігін арттыру деңгейінің төмендігі;</p> <p>*Авторлық оқыту бағдарламалармен жұмысты жандандыру;</p> <p>*Шығармашылықпен жұмыс істейтін қосымша білім беру педагогтерінің озық педагогикалық тәжірибелерін анықтау және аудандық, облыстық байқауларға дайындығының аздығы;</p>
--	--

түрі бұл педагог кадрлардың біліктілік арттыру болып табылады.

02-13.11.2020ж ҚР БҒМ бұйрығына сай Республикалық қосымша білім беру орталығының ұйымдастыруымен **«STEAM білім беру – бағдарламалаудың жаңа мүмкіндіктері (электронды оқулықтар, қосымшалар, бейнесабақтар және т.б.)»** тақырыбында өткен қашықтық форматтағы біліктілікті арттыру курсына қосымша білім беру педагогі Қуанышбек Ернар Қуанышбекұлы қатысып, курстан өткендігін растайтын сертификат алды.

07-10.11.2020 «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығының «Қашықтықтан оқыту: сабақты әзірлеуден бастап білім беру процесін ұйымдастыруға дейін» тақырыбында біліктілікті арттыру курсынан А.Ахметова, Б.Хасанова, Г.Имашева, Е.Қуанышбек өтіп, сертификатқа ие болды.

21.10.2020ж **«Қосымша білім беруді STEM негізінде дамыту»** тақырыбындағы облыстық семинарға Қаратөбе балалар шығармашылығы үйінің директоры С.Акдунова, әдіскері А.Ахметова, қосымша білім беру педагогі А.Тілепиев қатысып, «Робототехника негіздері» үйірмесінің жетекшісі Тілепиев Аслан Болатұлы «Роботты өнеркәсіпте қолдану жобасы» тақырыбында шеберлік сынып сағатын көрсетіп, барлық қатысушылар сертификатталды.

29.10.20 Қазақстанның негізгі, орта және мектепке дейінгі білім беру мекемелерінің басшылары, жалпы және арнайы мектеп пен колледж мұғалімдері, қосымша білім беру педагогтеріне "Ustaz tilegi" республикалық ғылыми-әдістемелік орталығының ұйымдастыруымен өткен "Ұстаздарды аттестациядан өткізу: қағидалары мен шарттары" атты республикалық онлайн конференцияға әдіскер Ахметова Айнагүл қатысты.

Жыл басында жылдық жоспар құрылып, бекітілді. Жас мамандарға әдістемелік көмек көрсетіліп, құрылған күнтізбелік жоспарлары тексеріліп, бекітілді. Соның ішінде мұғалімнің кәсіби өсуінің мониторингінің, кәсіптік нәтижелерінің, жетістіктерінің талдауын қамту мақсатында жас мамандарға портфолио құруға, әдістемелік жинақтармен жұмыс жасауға көмек берілді.

Әдістемелік жұмыстың негізгі міндеттерінің бірі педагогтердің кәсіби құзырлығын көтеру және шығармашылық іскерлігін жетілдіру болса, аталған жұмыстар шоғыры мұғалімдердің жұмыс нәтижелерінен көрініп, кәсіби семинарлар қорытындысы негізінде анықталады. Оған ұжым мүшелері атсалысып, бірлескен

түрде жұмыстар атқарылды:

Қосымша білім беру педагогтері семинар, шеберлік сыныптарда өз іс-тәжірибелерімен бөлісіп, нәтижелі жұмыстар көрсетті.

16.10.20. Жас мамандарға арналған «Мұғалімдердің педагогикалық шеберлігін қалыптастыру» атты тренинг өтті. Топтың жұмыс жүргізуіне қолайлы жағдай жасау, тілектестік атмосферасын қалыптастыру, қарым-қатынас дағдысын қалыптастыру, өзара тиімді әрекеттестікке кедергі келтіретін ішкі барьерлерді, ширығуларды жою, жас мамандардың ашылуына, өз әріптестеріне өздерін көрсете білуіне көмектесу, жас мамандар өздерін педагогикалық ұжымның бір бөлшегі ретінде сезінуіне, бейімделуіне ықпал жасау мақсатындағы тренингте педагогтердің барлығы топқа бөлініп, кейін постер қорғап шықты. Ереже бойынша өздерінің деңгейлерін көрсете отырып, бір-бірлеріне тілектерін білдірді. Тренинг онлайн бағытта өтсе де өте қызықты өтті.

Тренинг соңын әдіскер А.Ахметова жас мамандарға алдағы оқу жылында әрдайым еңбектену арқылы табыстарға жетулерін тілеп, сөзін қорытындылады. Жас мамандарға жоспарға сай, біліктіліктерін қалыптастыру мақсатында педагогикалық кеңес кітапшасы жасалып, таратылды.

24.10.20 «Педагогтың баланың шығармашылық қабілеттерін жетілдіру әдісінің заманауи үлгісі» атты ақпараттық дөңгелек үстел өткізілді. Дөңгелек үстел қазіргі елдегі және әлемдегі эпидемиологиялық ахуалға байланысты онлайн түрде, ZOOM платформасы арқылы өткізілді.

Дөңгелек үстелдің мақсаты жас маманның теориялық білім, білігін практикамен ұштастырып, кәсіби шеберлігін шыңдауға ықпал ету. Жас мұғалімдердің үздіксіз білім берудегі қажеттіліктерін қамтамасыз ету. Озық тәжірибелермен танысып, жана технологияларды үйреніп, практикада қолдануға ықпал ету. Шығармашылық ізденіске баулу.

Отырысты әдіскер Ахметова Айнагүл Жанболатқызы бастап ашып, қатысатын жас мамандар құрамымен таныстырды.

Имашева Гүлдана Зиноллаевна «LearningApps сайтының мүмкіншілігі» атты өзінің сабақ барысында пайдаланатын жаңа технологиялық әдісін слайд арқылы түсіндіріп өтті.

Сонымен қатар, Қуанышбек Ернар «GnaCAD бағдарламасының тиімділігі» тақырыбында, Есқайырова

Ботакөз «Plikers әдісінің мүмкіндіктері», Байгарина Эльмира «Оқушыларды жана әдістер арқылы дамыту» тақырыптары бойынша жұмыстарын қорғап шықты.

Дөңгелек үстелдің соңын А.Ахметова жас мамандарға алдағы оқу жылында әрдайым еңбектену арқылы табыстарға жетулеріне тілек білдіріп, сөзін қорытындылады.

Бүгінгі білім мен білік бәсекелес заманында шәкіртіміздің биіктен көрінуіне күнделікті ісіміздегі жаңашылдығымыз, жан-жақты берген тәрбиеміз арқылы жеткіземіз. Ендеше біз ой өрісі жоғары дамыған, зерделі, жан-жақты дамыған, парасатты ұрпақ керек екенін бір сәтте естен шығармағанымыз жөн.

28.10.20 «Эстетикалық талғам қалыптасқан тұлға қалыптастыру» атты ақпараттық біліктілік дөңгелек үстелі оздырылды. Дөңгелек үстел қазіргі елдегі және әлемдегі эпидемиялогиялық ахуалға байланысты онлайн түрде, Ватсап конференция арқылы өткізілді.

Дөңгелек үстелдің тақырыбы мен өтілу мақсатымен әдіскер Ахметова А.Ж таныстырып өтті.

Педагогтерге алдын ала осы тақырып бойынша өз оқушыларына тәрбие сағатын өткізу тапсырылған болатын. Сол тапсырма бойынша қандай жұмыстар орындалғаны жөнінде сұралды.

Барлық мұғалімдер тәрбие сағаттарын уақытында орындап, өткізілгені жөнінде фото-отчеттар мен слайд-көрсетілімдері уақытында тапсырды.

Қатысушылар оқушылардың тәрбие сағатқа қалай қатысқандарын, эстетика жөнінде ойларын ортаға салып, талқылады, бір-біріне сұрақ қою арқылы тақырыптың одан әрі мәнін ашқандай болды.

Дөңгелек үстелді Гумарова А.К мен Ахметова А.Ж қорытындылады.

Қаратөбе аудандық білім беру бөлімінің 2020 жылғы 11 қарашадағы №715 бұйрығына сай қосымша білім беру ұйымдарының шығармашылықпен жұмыс істейтін, кәсіптік біліктілігін көрсете алатын қосымша білім беру педагогтерін анықтау, қолдау және ынталандыру мақсатында ағымдағы жылдың 23 қараша күні «Олимп» аудандық сырттай кәсіби байқауына шығармашылық үйінен 9 қосымша білім беру педагогі қатысты. Қосымша білім беру педагогтері Ахметова Айнагүл Жанболатовна мен Сахипова Бибігүл Адиловнаның «Дерт келіпті еліме» дуэті, сәндік өнері және ақындық шығармашылық дуэті бойынша Қаратөбе балалар шығармашылық үйінің қосымша білім беру педагогі Базарбайұлы Ернұр мен Касайнова Шамшия

Абаевнаның «Қамшы» дуэті, техникалық шығармашылық бағыты бойынша Қаратөбе балалар шығармашылық үйінің қосымша білім беру педагогі Бексегуров Атапкел Жанболатұлының «Пилотсыз машина» жұмыстары үздік деп танылып, облыстық кезеңге жолданып, облыстық кезең қорытындысы бойынша бейнелеу өнері және ақындық шығармашылық дуэті номинациясы бойынша Ахметова Айнагүл Жанболатовна мен Сахипова Бибігүл Адилоннаның «Дерт келіпті еліме» жұмысы ІІ орынды иеленіп, білім беруді дамыту орталығының дипломдарымен марапатталды.

Балалардың жан-жақты шығармашылық қабілеттері мен өнер-білімге деген қызығушылығын арттыру мақсатындағы әр бағыт бойынша үйірме оқушыларымен түрлі іс-шаралар ұйымдастырылып, мүмкіндігінше байқау, жарыстарға қатыстырылып отырды.

Техникалық бағытта жұмыстанатын барлық қосымша білім беру педагогтерімен жүргізілетін жұмыстар жоспарланып, әдістемелік көмек көрсетілді, сонымен қатар оқушылар мен ата-аналармен байланыс жасалынып, түсінік жұмыстары жүргізілді.

16.09.2020ж. Облыстық «**Цифрлы Қазақстан**» білім беру мекемелерінің тәрбиеленушілері арасындағы қашықтық ІТ марафонына «Дыбыспен басқарылатын жарық диоды» жұмысымен Сенғали Арай Серікқызы (*жет. Г.Имашева*), «Оператор робот» жұмысымен Талғат Санжар (*жет. Б.Есқайырова*) қатысты

18.09.2020ж. Облыстық «**Менің үй роботым**» білім беру мекемелерінің тәрбиеленушілері арасындағы қашықтық байқауынан Мұхтарұлы Ермек «Көмекші мысық роботы» жобасымен ІІ орын (*жет. Базарбайұлы Ернұр, 13-15 жас*) иеленді.

28.09.2020ж «Ұлағатты ұстазға, ыстық ықыласпен!» үйірме оқушыларының арасында эссе байқауына әр үйірмеден оқушылар белсене қатысты.

30.09.2020 ж Облыстық «**Ұлы өнертапқыштыққа алғашқы қадам**» инновациялық идеялар байқауына «**Өндіріс саласындағы техникалық құрастыру**» номинациясы бойынша «**Топырақтың температурасы мен ылғалдылығын көрсететін құрылғы**» жұмысымен Динара Алтынбекқызы (*жет. Ә.Габдиева*) қатысты, «**Автокөліктің қолданыстағы модельдерін әзірлеу саласындағы техникалық құрастыру**» номинациясы бойынша Мұхтарұлы Ермек «**Дезинфекциялау жұмыстарына арналған**

**автокөлік» I орын**, республикаға жолдама (жет. Базарбайұлы Ернұр), **«Ауыл шаруашылық техникалар мен жабдықтар саласындағы техникалық құрастыру»** номинациясы бойынша Берікқали Ернар Нариманұлы **«Жүк тиеуге арналған ауыл шаруашылық тракторы» III орын** (жет. Қуанышбек Ернар Қуанышбекұлы) иеленді.

28.10.2020ж Республикалық **«Ұлы өнертапқыштыққа алғашқы қадам»** инновациялық идеялар байқауынан **«Автокөліктің қолданыстағы модельдерін әзірлеу саласындағы техникалық құрастыру»** номинациясы бойынша Мұхтарұлы Ермек **«Дезинфекциялау жұмыстарына арналған автокөлік» жұмысымен III орын** алып, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Республикалық қосымша білім беру орталығынан диплом, сертификат, бағалы сыйлық және жетекшісі Базарбайұлы Ернұр алғыс хат иеленді.

11.11.2020ж Ұлттық валюта күніне орай **«Теңге – тәуелсіздік символы!»** атты техникалық бағыттағы үйірме оқушылары арасында 3D модельдеу байқауында **«Sketchup, Blender, Autodesk 123d design және т.б. программалардың бірінде тәуелсіздік немесе теңге символдарының 3D модельдеу үлгісін жасау»** номинациясы бойынша I орын – Махсот Алтынай, II орын – Жалел Нұрәділ, III орын – Саматұлы Нұрхат; **«Қолда бар материалдармен тәуелсіздік немесе теңге символдарының 3D модельдеу үлгісін жасау»** номинациясы бойынша I орын – Келіс Мират, II орын – Сейтқали Дамир, III орын – Михайлов Радик иеленді.

28.12.2020ж Облыстық балалар техникалық шығармашылығы орталығының ұйымдастыруымен өткен **«ТехноSTART»** техникалық шығармашылығы қашықтық фестивалінен **«Авто үлгілеу»** үйірмесінің оқушысы Жайлан Ибрахим IV орынды иеленді.

**Гуманитарлық бағыт** бойынша облыстық **«Балалар тарихы – ұрпаққа аманат» байқауына «Ғибрат»** үйірмесінің оқушысы Дарғали Жанерке қатысып, алғыс хатпен марапатталды.

Тіл мерекесіне орай **«Өнер алды-қызыл тіл»** тақырыбына үйірме оқушыларына эссе жазу тапсырылып, үздік эсселер **«Қаратөбе ұстазы»** газетіне жарияланды.

24.09.2020 **«Шымкент 2020 – ТМД-ның мәдени астанасы»** жылы аясында **«Шымкент – қайырымды қала» балалар шығармашылығына арналған онлайн-фестиваліне** сұраныс жіберіліп, қатысушы **«Қылқалам»** үйірмесі оқушысы Маренова Айзада



Ержанқызы, Мерген Ержан сертификатқа ие болды.

**«Ұлық Ұлыс» - Алтын Орданың даңқты мемлекеттік қайраткері «Едіге батыр» жырын жатқа айту акциясына «Гибрат» үйірмесінен Дарғали Жанерке, «Жас қалам» үйірмесінен Қизатова Аяулым, «Сөз зергері» үйірмесінен Абатқызы Мерейім және Тулебаев Осман қатысты.**

Ұстаздар мерекесіне «Ұстаздарға арнау» айдарымен үйірме оқушыларының өз ұстаздарына арнап шығарған өлеңдері «Қаратөбе ұстазы» газетіне жарияланды және сонымен қатар **«Ұлағатты ұстазға ыстық ықыласпен!» үздік эссе байқауы** өткізіліп, «Бастапқы авто үлгісі» үйірмесінің оқушысы жұмысы үздік аталды. Қазан айындағы қарттар мерекесіне орай, үйірме оқушылары **«Атам-әжем мақтанышым!»** тақырыбында ата-әжелеріне мерекелік коллаж дайындады. Үздіктері газет бетіне жарияланды.

**«Алтын күз – 2020»** атты балалар қиялынан туындаған туындылардан көрме ұйымдастырылды.

Ұлттық валюта теңге күніне орай **«Ұлттық теңге-мақтанышымыз!»** атты үйірме оқушылары арасында онлайн **танымдық сағаты ZOOM** платформасымен өткізілді.

23.11.20 **«Адал еңбектің жарқын бейнесі»** атты жемқорлыққа қарсы сырттай **байқауына «Қылқалам»** үйірмесінің тәрбиеленушілері Нұрланқызы Назерке, Маренова Айзаданың жұмыстары аудандық кезеңнен үздік танылып, облысқа жолданды.

Облыстық білім басқармасы «Дарын» қосымша білім беру орталығының ұйымдастыруымен өткізілген **«Туған өлке кереметі»** атты **жас тілшілер челленджіне «Роботты техника»** үйірмесінің оқушысы Сенғали Арай алғыс хатқа ие болды.

**«Тәуелсіздік – тірегім, елім деп соғар жүрегім!»** атты **мәнерлеп оқудан** республикалық байқауға «Жас қалам» үйірмесінің оқушысы Аманбаева Фатима қатысып ІІ орын алып, дипломмен марапатталды.

1 желтоқсан Тұңғыш Президент күніне орай **«Елбасымыз-еліміздің мақтанышы»** тақырыбында оқушылар эссе жазылды.

«1 желтоқсан – тұңғыш Президент күні» және **«Тәуелсіздік тірегім, Қазақстан жүрегім!»** ерекше форматта үздік құттықтаулар (scratch анимация, фото-видеороликтер), **«Тәуелсіздік - мақтанышым»** тақырыбында мәнерлеп оқу, **«Тәуелсіздік –мәңгілік елдің тірегі»** сурет және қолөнер көрмесі ұйымдастырылды.

### **Мүмкіндіктер**

- Педагогтердің іс-тәжірибелерін аудан көлемінде таныстыруға, іс-тәжірибелерімен бөлісуге;
- Дарынды оқушылармен жұмысты жандандыруға, жетістікке жетуде қандай әрекеттер жасау керек екендігін түсіндіруге мүмкіндіктер;
- Газет-журналдар беттеріне жазу, әлеуметтік желілерге жариялау, аудандық, облыстық, республикалық байқауларға қатынасу.

### **Қауіп-қатер**

- Қосымша білім беру ұйымдарында педагогтердің келісім шартпен алынуы;
- Орталықтардағы үйірмелерге арнайы мамандардың тұрақтамауы;
- Гуманитарлық педагогтер соның ішінде ақындық өнері бойынша педагогтердің аздығы
- Байқаудың ережелерінің кеш таратылуы

## **II Қаратөбе балалар шығармашылық үйінің 2021 жылына арналған мақсаттары мен негізгі бағыттары**

Қаратөбе балалар шығармашылық үйі МКҚК – балалардың мектептен тыс бос уақытын тиімді ұйымдастыра отырып, тәрбие бағытында нақты қызмет жасайтын, үйірме сабақтарында түрлі салада қосымша білім беретін қосымша білім беретін шығармашылық үйі.

**Мақсаты:** Оқу-тәрбие ісінде жаңа технологияларды қолдану арқылы балалардың жеке басының дамуына, кәсіптік бағдарын айқындауына, шығармашылық еңбегіне, олардың қабілеттерін іске асыруына, сана-сезімінің, жалпы мәдениетінің, салауатты өмір салтының қалыптасуына, бос уақытын мазмұнды ұйымдастыруына жағдай жасау.

### **Міндеттер**

- Қазіргі қоғам жағдайында жеке тұлғаны дамытуда баланың өмірлік ұстанымының белсенділігін арттыру;
- Баланың қызығушылықтары мен бейімділіктерін іске асыруға бағытталған бағдарламаларын құру
- Балалардың қызығушылықтары мен бейімділіктерін дамыту
- Қосымша білім беруде жаңа технологиялар мен оқыту әдістемелерін қолданып, сапалы жұмыс жүргізу;
- Оқу-тәрбие жұмысында баланың өз қызығушылығы мен қабілетіне байланысты ғылыми-техникалық, әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуын жетілдіру, шығармашылық деңгейінің өсуіне қолдау көрсету;
- Балалардың жас ерекшеліктерін ескеріп, олардың физикалық, адамгершілік және зияткерлік дамуы үшін уақытты үйлесімді бөлу және қолайлы жағдайларды жасау;
- Педагогтердің кәсіби біліктілігін арттыру
- Шығармашылық үйінің жүйелі түрде жұмыс жасау деңгейін көтеру; оқушылардың бос уақытын тиімді, мазмұнды ұйымдастыру.
- Аз қамтылған, көп балалы отбасы, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды үйірмелерге тартуды басты назарда ұстау, қосымша білім педагогінің бұл бағыттағы жұмыстарына қолдау көрсету;
- Дәстүрлі өткізілетін іс-шараларға, шығармашылық ұжымдардың аудандық, облыстық, республикалық, халықаралық байқауларға қатысуын ұйымдастыру;
- Шығармашылық үйінің материалдық- техникалық базасын жетілдіру;
- Азаматтылық пен отансүйгіштікке, мемлекеттік рәміздер мен мемлекеттік тілді құрметтеуге тәрбиелеу;
- Шығармашылық конкурстарға, шеберлік сыныптарға, семинарлар мен дөңгелек үстелдерге қатысу арқылы педагогтердің өз қабілеттерін іске асыруына, олардың озық іс-тәжірибелерін насихаттауға, қажетті жағдай жасау.
- Техникалық үйірмелерді дамыту

Шығармашылық үйінің қызметі білім алушылардың өзін-өзі билеуін, шығармашылығын дамыту, олардың қабілеттерін іске асыру, салауатты өмір салтын қалыптастыру, бос уақытын мазмұнды ұйымдастыру үшін төмендегі бағыттар бойынша жұмыс жасайды.

**Гуманитарлық бағыттағы үйірме саны - 8, үйірме жетекшісі - 7, оқушы саны – 120**

Көркемсөз оқу – 5 үйірме, оқушы саны – 75

Драма – 1 үйірме, оқушы саны – 15

Ағылшын тілі –1 үйірме, оқушы саны – 15

«Фибрат» (тәрбие-әдеп) – 1 үйірме, оқушы саны – 15

**Көркемдік-эстетикалық бағыттағы үйірме саны - 21, үйірме жетекшісі - 13, оқушы саны – 315.**

Бейнелеу өнері – 4 үйірме, оқушы саны – 60

Тігін тігу – 2 үйірме, оқушы саны – 30

Мүсіндеу өнері – 2 үйірме, оқушы саны – 30

Сәндік-қолданбалы өнер – 13 үйірме, оқушы саны – 195

**Техникалық бағыттағы үйірме саны - 17, үйірме жетекшісі -11, оқушы саны - 255**

Авто үлгілеу – 3 үйірме, оқушы саны – 45

Әуе үлгілеу – 1 үйірме, оқушы саны – 15

Кеме үлгілеу – 2 үйірме, оқушы саны – 30

Роботехника – 5 үйірме, оқушы саны – 75

IT технологиялары – 2 үйірме, оқушы саны – 30

«Жас техник» – 1 үйірме, оқушы саны – 15

«Басқатырғыш кубик-Рубик» – 1 үйірме, оқушы саны – 15

«Фото-видео монтаждау» – 1 үйірме, оқушы саны – 15

«Шексіз ғарыш әлемі» – 1 үйірме, оқушы саны – 15

Мектептерден ашылған үйірме саны:

**ҚБШҮ-дегі үйірмелер саны – 24**

Мұхит ат ОЖББМ – 243 оқушы

Қаратөбе мектеп-гимназиясы – 96 оқушы

Шөптікөл ЖОББМ-Б кешені – 21 оқушы

**Барлық оқушы саны: 360**

**Мектептердегі үйірмелер саны - 22**

Мұхит ат ОЖББМ – 5 үйірме ( 75 оқушы)

Қаратөбе мектеп-гимназиясы – 9 үйірме (135 оқушы)

Шөптікөл ЖОББМ-Б кешені – 3 үйірме (45 оқушы)

Ханкөл ОЖББМ – 1 үйірме (15 оқушы)

Қаракөл ОЖББМ – 1 үйірме (15 оқушы)

Егіндікөл ат ОЖББМ – 1 үйірме (15 оқушы)

Жамбыл ЖОББМБК – 1 үйірме (15 оқушы)

Б. Аманшин ат ЖОББМ – 1 үйірме (15 оқушы)

**Барлық оқушы саны - 330**

### III. Педагогикалық кеңес отырыстары

№	Тақырыбы	Мерзімі	Жауаптылар
I	Үйірме жұмыстарының берілу деңгейі. Педагог қызметкерлерді аттестациялау барысы	Наурыз	Директордың орынбасары Әдіскер
II	Аудандық байқаулардың өткізілу деңгейі. Жазғы демалыс лагерінің жұмыс жоспарын бекіту Оқушылардың жазғы демалысын ұйымдастыру және үйірме оқушыларының лагерьде демалуы.	Мамыр	Директор Директордың орынбасары Ұйымдастырушы педагогтер Әдіскер
III	Жаңа оқу жылының міндеттері, оқу жүктемесін бөлу. Үйірме жетекшілерінің оқу - тақырыптық күнтізбелік жылдық жұмыс жоспары мен сабақ кестесін бекіту ҚБШҮ оқу кабинеттерінің санитарлық-гигиеналық талаптарының сақталуы.	Қыркүйек	Директор Директордың орынбасары Ұйымдастырушы педагогтер Әдіскер Редактор
IV	2021 жылының жұмыс жоспарын талдау. 2022 жылының жұмыс жоспарын талдау, бекіту. Педагогикалық кеңес хатшысын тағайындау. Оқу-тәрбие және әдіскердің, педагог – ұйымдастырушының жалпы есебі «Қаратөбе ұстаыз» газетінің атқарған жұмыстар есебі	Желтоқсан	Директор Директордың орынбасары Ұйымдастырушы педагогтер Әдіскер Үйірме жетекшілері Редактор

### IV. Директор жанындағы отырыс

№	Тақырыбы	Жауапты
Қаңтар		
1	Қосымша білім беру бағытындағы жаңалықтар	Директор Әдіскер
2	Жас ұстаздармен жұмыс жүйесі	
3	Өткізілген іс-шаралар мен байқауларға педагогтер мен оқушылардың қатысуына сараптама	Ұйымдастырушы педагог
Ақпан		
1	Іс-шаралардың ұйымдастырылуы	Ұйымдастырушы педагогтар Директор орынбасары
2	Өткізілген шеберлік сыныптарға сараптама	
3	Өткізілген іс-шаралар мен байқауларға педагогтер мен оқушылардың қатысуына сараптама	Ұйымдастырушы педагог
Наурыз		

1	Аудан көлемінде ұйымдастырылған байқаулардың өту деңгейімен мектептердің қатысуы	Ұйымдастырушы педагогтар
2	Наурыз мерекесіне орай мерекелік шаралар ұйымдастыру және ұйымдастырылатын көпшілік іс-шараға қатынасу туралы	Директор
3	Өткізілген іс-шаралар мен байқауларға педагогтер мен оқушылардың қатысуына сараптама	Ұйымдастырушы педагог
Сәуір		
1	Аудан мектептеріндегі және орталықтағы үйірме жұмысының жүргізілуін тексеру қорытындысы	Директор орынбасары
2	Баспасөзге жазылу	Іс-жүргізу
3	Өткізілген іс-шаралар мен байқауларға педагогтер мен оқушылардың қатысуына сараптама	Ұйымдастырушы педагог
Мамыр		
1	Педагог және оқушы жетістіктерін сараптау	Директор орынбасары
2	Үздік педагогтерді марапаттауға ұсыну	Директор орынбасары
3	Өткізілген іс-шаралар мен байқауларға педагогтер мен оқушылардың қатысуына сараптама	Ұйымдастырушы педагог
Маусым		
1	«Балдәурен» лагерінің құжаттарымен жұмыс	Лагерь меңгерушісі
2	«Балдәурен» лагерінің жұмыс жоспарын бекіту	Лагерь меңгерушісі
3	«Балдәурен» лагеріне тартылған мектептермен оқушылар туралы ақпарат	Лагерь меңгерушісі
4	Өткізілген іс-шаралар мен байқауларға педагогтер мен оқушылардың қатысуына сараптама	Ұйымдастырушы педагог
Маусым		
1	«Балдәурен» лагерінің құжаттары	Лагерь меңгерушісі
2	«Балдәурен» лагерінің ішкі сыртқы тәртібі туралы	Лагерь меңгерушісі
3	«Балдәурен» лагерінде өткізілген іс-шараларға сараптама	Ұйымдастырушы педагог
Тамыз		
1	«Балдәурен» лагерінің демалған оқушылар туралы мәлімет	Лагерь меңгерушісі
2	«Балдәурен» лагерінің құжаттары	Лагерь меңгерушісі
3	«Балдәурен» лагерінде кездескен кемшіліктер	Лагерь меңгерушісі

4	Жазғы демалыс лагерінің қорытындысы	Лагерь меңгерушісі
5	Тамыз кеңесі	Әдіскер
<b>Қыркүйек</b>		
1	Тарификация	Директор
2	Ағымдағы жылдың кадрлық өзгерілімі: Жаңа қызметкерлерді таныстыру	
3	Қызметкерлердің функционалдық міндеттерін талқылау, бекіту	
4	Оқу кабинеттерінің дайындығы, жетекшілерге жүктеу	
5	Педагогтардың эстетикалық талғамға сай киінуі	
<b>Қазан</b>		
1	Ата-аналармен кездесу ұйымдастыру	Үйірме жетекшілері
2	Үйірмеге қатысатын оқушылардың үйірмеге қатысу деңгейі	
3	Өткізілген іс-шаралар мен байқауларға педагогтер мен оқушылардың қатысуына сараптама	Ұйымдастырушы педагог
<b>Қараша</b>		
1	Үйірме жұмысының жүргізілуін тексеру қорытындысы	Директор орынбасары Іс-қағаз жүргізушісі Ұйымдастырушы педагогтар
2	Баспасөзге жазылу жұмысына сараптама	
3	Аудан, облыс, республика көлемінде өтетін іс-шараларға үйірме мүшелерінің қатысуына сараптама	
<b>Желтоқсан</b>		
1	ҚБШҰ нормативті іс-қағаздарының жүргізілуінің тексеру қорытындысы	Директор Ұйымдастырушы педагог
2	Эстетикалық, техникалық және гуманитарлық бағыттағы жетістіктер	
3	Өткізілген іс-шаралар мен байқауларға педагогтер мен оқушылардың қатысуына сараптама	

## V. Әдістемелік кеңес отырысы

№	Тақырыбы	Мерзімі
I	1. Озық тәжірибелерді тарату жұмысын қорытындылау 2. Үйірмелер мен оқушылардың және өткізілген шаралардың газет беттеріне шығуы. 3. Ағымдағы мәселелер.	наурыз

<b>II</b>	<ol style="list-style-type: none"> <li>2020-2021 оқу жылының қорытындысына талдау жүргізу. (Үйірме жетекшілерінің шығармашылық есебін тыңдау)</li> <li>ҚББ педагогтерінің өзара сабаққа қатысуы және өз білімін жетілдіруі, озық тәжірибелерді анықтау, талдау жұмыстары</li> <li>Жоспарға сәйкес өткен, өтуі тиіс ашық сабақтар, шеберлік сыныптары мен семинарлар қорытындысы.</li> <li>Ағымдағы мәселелер. (Үйірме жетекшілерінің жұмыс барысы: күнтізбелік жоспарының орындалуы, сабақ жоспары, үздік оқушыларды марапаттау, жазғы демалысқа жіберу. т.б.)</li> </ol>	мамыр
<b>III</b>	<ol style="list-style-type: none"> <li>Қосымша білім беру педагогтерінің күнтізбелік жоспарларды бекіту</li> <li>Аттестацияланушы мұғалімдердің жұмысын жоспарлау</li> <li>Ағымдағы мәселелер. (Үйірме жетекшілерінің жұмыс барысы: күнтізбелік жоспарының орындалуы, сабақ жоспары, оқушылардың уақытылы сабаққа келуі, қауіпсіздік ережелерін сақтау т.б.)</li> </ol>	қыркүйек
<b>IV</b>	<ol style="list-style-type: none"> <li>Әдістемелік кеңес төрайымы, мүшелері мен хатшысын тағайындау.</li> <li>Өткен 2021 жылғы әдістемелік жұмыстың қорытындысы және 2022 жылғы әдістемелік кеңестің жұмыс жоспарын талдау, бекіту.</li> <li>Әдіскер және эстетикалық, техникалық, гуманитарлық бағыттағы жұмыс жоспарларын бекіту.</li> <li>Жоспарға сәйкес өткен, өтуі тиіс ашық сабақтар, шеберлік сыныптары мен семинарлар.</li> <li>Ағымдағы мәселелер.</li> </ol>	желтоқсан

## VI. Әдістемелік-ұйымдастырушылық қызмет

№	Жұмыс мазмұны	Орындалу мерзімі	Жауапты орындаушы
<b>Қаңтар</b>			
1.	Сабақтары мен іс-шараларына ену арқылы мұғалімдердің әдістемелік шеберлік деңгейін анықтау және оны арттыруға ықпал ету		Әдіскер
2.	Мұғалімдердің кәсіби сапалары мен әдістемелік жұмыстары бойынша мәліметтер қорын құру (Материал жинау және жүйелеу, қорыту)		Әдіскер
3.	Сабақтарға кіру, іс-шараларға қатысу	Қаңтар	Оқу-тәрбие ісінің орынбасары
<b>Ақпан</b>			
1	Ұйымдастырушы педагогтердің		



	сайыстары мен көрмелеріне қатысу		Оқу-тәрбие ісінің орынбасары
2	Мұғалімдерді облыстық іс-шараларға, облыстық, республикалық конференцияларға, семинарларға қатысуын ұйымдастыру	жыл бойы	Әдіскер
<b>Наурыз</b>			
1	ҚБШҮ-нің мұғалімдерінен есеп ала отырып, талдау жасау	ай сайын	Әдіскер
2	Шығармашыл мұғалімдердің басылымдардағы мақалаларын талдау /«Қаратөбе өңірі» газеті/	жыл бойы	Әдіскер
<b>Сәуір</b>			
1	Келесі оқу жылына жұмыс жоспары		Әдіскер, ҚББП
2	Біліктілігін көтеретін және аттестациядан өтетін мұғалімдердің тізімін анықтап, нақтылау (Мұғалімдердің кәсіби біліктілік көтеру курстары мен аттестациядан өтуінің нәтижесін талдау)	Сәуір	Әдіскер
3	Мұғалімдермен сұхбаттасу және сауалнамалар алу арқылы олардың сұраныстарын анықтау		
<b>Мамыр</b>			
1	Ата-аналар жиналыстарына қатысу	уақытында	Оқу-тәрбие ісінің орынбасары Әдіскер
2	Педагогтердің озық тәжірибелерін тарату бойынша жұмыстану		
3	Тамыз кеңесіне педагогтардың озық тәжірибелерін тарату		
4	Жылдық есеп (оқушылардың жетістіктері, педагогтердің жыл бойы жасалған жұмыстарына анализ)		
5	Жазғы «Балдаурен» лагері бойынша жұмыстар		
<b>Қыркүйек</b>			
1	Қосымша білім беру педагогтерінің үйірмелері жұмыстарын қадағалау	3-апта	Әдіскер
2	Ашық сабақтар мен семинар, дөңгелек үстелдер ұйымдастыру жоспары мен өткізу кестесін құру (Материал жинау және жүйелеу, қорыту)		Оқу-тәрбие ісінің орынбасары Әдіскері
3	Күнгізбелік жоспар тексеру	жыл бойы	Оқу-тәрбие ісінің орынбасары
4	Жас мамандармен жүргізілетін жұмыстарды жоспарлау		

5	Мұғалімдер арасында шеберлік сынып ұйымдастыру	ай сайын	Оқу-тәрбие ісінің орынбасары Әдіскер
<b>Қазан</b>			
1	«Эстетикалық талғам қалыптасқан мәдениетті тұлға қалыптастыру» ақпараттық біліктілік дөңгелек үстелі		
2	Педагогтардың ашық сабақтары мен іс-шараларының тізімін жасақтау	Ай сайын	Оқу-тәрбие ісінің орынбасары Әдіскер
